

Ә. Хәмзеев*

Издениші, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс, Өзбекстан

***Корреспондент авторы:** awada@mail.ru

ЯССАУИ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Түйін

Бұл зерттеу Қожа Ахмет Яссауи негізін қалаған сопылық ілімнің қарақалпақ классикалық әдебиетіндегі көркемдік-философиялық сабақтастығы мен интерпретациялық ерекшеліктерін кешенді түрде зерделеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – «Диуани хикмет» шығармасындағы мистикалық-танымдық қағидалардың қарақалпақ поэзиясында көріну, трансформациялану және ұлттық дүниетаныммен сабақтасу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан айқындау. Осы мақсатта салыстырмалы-тарихи, типологиялық және герменевтикалық әдістер негізінде Сүлеймен Бақырғани, Күнқожа Ибраһымұлы, Әжінияз Қосыбайұлы және Бердақ Қарғабайұлы шығармаларындағы сопылық терминдер, метафоралық жүйе мен символдық образдар талданады. Зерттеу нәтижесінде қарақалпақ классиктерінің Яссауи іліміндегі шаригат, тариқат, мағрипат және хақиқат сатыларын шығармашылық тұрғыдан игеріп, оларды имандылық, нәпсімен күрес, адамгершілік және рухани кемелдік идеяларымен сабақтастыра дамытқаны анықталады. Сонымен бірге «инсани кәмил» концепциясының ұлттық дүниетаныммен синтезделу үдерісі сараланады. Зерттеу нәтижелері қарақалпақ әдебиетінің рухани бастауларын тереңірек түсінуге, сопылық поэтиканың ұлттық әдебиетте орнығу ерекшеліктерін айқындауға және түркі халықтарының ортақ әдеби-мәдени мұрасын жаңа ғылыми ұстанымдар негізінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: сопылық ілімі, хикмет, инсаният, рухани сабақтастық, кәмил адам.

Кіріспе

Түркі халықтарының рухани мәдениетінде сопылық ілімі ерекше орын иелейді. Бұл ілім ислам цивилизациясы шеңберінде қалыптасып, халықтардың дүниетанымына, әдебиетіне және мәдениетіне терең әсер көрсетті. Сопылықтың басты мақсаты — адамның рухани жетілуі, жүректің тазалығы және Аллаға деген шын махаббатқа жету болып табылады.

Орта ғасырларда сопылық ілімінің түркі дүниесінде кең таралуына үлкен әсер көрсеткен тұлғалардың бірі – Сұлтан Қожа Ахмет Яссауи болды. Оның «Диуани хикмет» кітабы тек қана діни-рухани шығарма емес, сонымен бірге түркі халықтардың әдебиет дәстүрінің дамуына әсер еткен маңызды әдеби мұра болып есептеледі. Ахмет Яссауидің сопылық философиясы кейінгі ғасырларда көптеген ақын-жазушылар шығармашылығында жалғасты. Бұл процесс қарақалпақ әдебиетінде де айқын көзге түседі. Қарақалпақ ақындары мен жыраулары өз шығармаларында адамгершілік, иман, әділдік және рухани тазалық сияқты құндылықтарды үгіт-насихаттап, сопылық дүниетанымның негізгі қағидаларын халыққа жеткізді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты — Қожа Ахмет Яссауидің сопылық ілімі мен қарақалпақ классикалық әдебиеті арасындағы рухани және мазмұндық байланысты ашу болып табылады. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» және «Фақрнама» еңбектері, сондай-ақ Сүлеймен Бақырғани, Күнқожа Ибраһымұлы, Әжінияз Қосыбайұлы және Бердақ Қарғабайұлының тандамалы шығармалары мен өлеңдер жинақтары пайдаланылды. Сонымен қатар К. Мәмбетов пен Қ. Мақсетов сияқты ғалымдардың қарақалпақ әдебиеті тарихына қатысты іргелі зерттеулері мен Түркістанда өткен халықаралық конференция материалдары ғылыми негіз ретінде алынды.

Жұмыстың ғылыми негізділігін қамтамасыз ету үшін кешенді зерттеу әдістері жүйесі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы Яссауи хикметтері мен қарақалпақ ақындарының өлеңдеріндегі нәпсі, зікір және ғашықтық сияқты ортақ образдар мен идеялық үндестіктер анықталды. Мәтіндік талдау немесе герменевтикалық әдіс көмегімен «Мағбұд» және «ләйлі жамалы» секілді астарлы символдық мағыналар мен сопылық терминдердің поэтикалық мән-мағынасы ашылды. Жүйелілік әдісі сопылықтың шарифат, тариқат, мағрипат және хақиқат сынды төрт басқышының әдеби туындылардағы көрінісін біртұтас рухани жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Деректерді жинау барысында архивтік материалдар мен баспа нұсқаларына библиографиялық шолу жасалып, сопылық терминологияның қолданылу жиілігіне басымдық берілді. Бұл әдіснамалық тәсілдер зерттеудің объективтілігін арттырып, басқа зерттеушілердің осы дереккөздер негізінде жұмысты қайта жаңғыртуына толық жағдай жасайды.

Талдау және нәтижелер

«Қожа Ахмет Яссауи туралы қарақалпақтар арасында бірқатар мәліметтер де бар. Кейбір ауызша мәліметтерде қарақалпақтардың Түркістаннан көшу себептерін Қожа Ахмет Яссауи оқиғаларымен байланыстырады. Мәселен, Кегейлі ауданының Энгельс атындағы совхоз орталығында тұрушы Дәулетмұрат қарт: «Қарақалпақтар жаугершілікте босып келе жатып, Қожа Ахмет Яссауидің Мазарына іркілген және қалмақтардың шапқыншылығынан құтқару үшін мәдет сұраған. Кейбір мәліметтерге қарағанда Қожа Ахмет Яссауи қарақалпақтардың жиені ретінде көрінеді» [1]. Қарақалпақ халқы Яссауиді өзінің рухани ұстазы деп есептеп, әр тарапты онымен тығыз байланыста болып келген.

Сопылық ілімінің қарақалпақ әдебиетіне әсерін зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін маңызды мәселе болып табылады. Ахмет Яссауи түркі халықтарының рухани тарихында айрықша орны бар тұлға. Ол сопылық ілімін халыққа қарапайым түсінікті тілде жеткізіп, ислам дінінің адамгершілік қағидаларын кеңінен үгіт-насихаттады. «Ақын ислам дінінің идеясын және адамзатқа ортақ әділет, тазалық, адамгершілік қағидаларын ғылыми тұрғыдан алға қарай жетілдіріп дамыта алды. Кітаптағы басты қағидалар: мағрипат – білім, ілім; шарифат – ислам дінінің жолы, заңы; тариқат – сопылық жол; хақиқат – құдайға ғашықтық (өзінің сенімін, ықыласпен орындауы). Сонымен қатар, осы айтылған қағидаларды бір-бірімен байланыстыра жүргізгенде ғана адамға ниеттеген мақсатына жетуге мүмкіндік болатынын түсіндіреді [2]. Яссауидің шығармаларында адамның ішкі дүниесін тазалау, нәпсіні жеңу және Аллаға жақындау идеялары негізгі орын иеленеді. Оның хикметтері инсанды рухани жетілуге шақырады және қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тұруға үгіттейді. Сопылық дәстүрінде адамның рухани дүниесінің жетілуі төрт негізгі басқыш арқылы жүзеге асады. Олар: шарифат, тариқат, мағрипат және хақиқат. Бұл түсініктер адам рухының Аллаға жету дәрежелеріндегі, яғни сопылық жолындағы басқыштарды білдіреді. Яссауи шығармаларында осы төрт түсінік кең түрде түсіндіріледі және олар адамның тұрмыстық амалына айналуы тиіс рухани қағидалар ретінде ұсынылады. Ахмет Яссауидің «Фақрнама» еңбегінде «әрбір мүмін мұсылман кәмілдікке ерісу, ақыр аяғында хақпен дидарласу бақытына ерісу үшін төрт басқыш, қырық баспалдақты басып өтіп жоғары басқышқа көтерілуі لازم. Төрт басқыш – шарифат, тариқат, мағрипат және хақиқат басқыштары болып, олардың әрбірі он баспалдақтан тұрады». «Шарифат, шамға ұқсайды, жол көрсетер. Бірақ шамды қолға алумен жол ашылмас. Жолға түстің бе, бұл қадамың тариқат болар. Мақсатқа ерістің бе - бұл Хақиқаттыр... Шарифат білімдір. Тариқат - жолды тұту, Хақиқат - Аллаға жетудір» [3] .

Сопылық ілімі тек діни-философиялық жүйе ғана емес, сонымен бір қатарда айрықша поэтикалық дәстүр қалыптастырған рухани бағыт болып табылады. Сопылық поэзияда символикалық образдар, Жаратқанды іздеу және адамның ішкі жан дүниесін суреттеу айрықша орын иелейді. Бұл — Яссауи тағылымында көп ұшырасатын тақырыптардан. Солардың ішінде Аллаға деген махаббат басты орында тұрады. Рухани тазалық, нәпсімен күрес, инсанның кәмілдікке ұмтылуы — бұлар сопының жолындағы негізгі мақсаты. Сопылық әдебиетте қолданылатын символдар да айрықша маңызға ие. Мәселен, «жол», «жүрек», «нұр», «махаббат», «ишк» сияқты түсініктер адамның рухани сапарын сәулелендіреді.

Ахмет Яссауидің әдеби дәстүрі кейінгі түркі әдебиетінің дамуына үлкен әсер көрсетті. Бұл жағдай әсіресе Орта Азия халықтарының әдебиетінде, соның ішінде қарақалпақ әдебиетінде айқын көрінеді. Яссауидің ең адал шәкірттерінің бірі, қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сүлеймен Бақырғани сопылық тағылымының қарақалпақ жеріне және әдебиетіне кіріп келуіне себепші болған инсан. Ол:

*Яссы дария арасы, жарық гауһар шырасы,
Машайықтар сарасы шайқым Ахмет Яссауи.*

деп жырлап, ұстазы туралы мәлімет береді. Сүлеймен Бақырғани «Хакім ата» деген атпен бүкіл Орта Азияға белгілі болған данышпандардың бірі. Хакім ата туралы белгілі ақын Әлішер Науаи де өзінің «Насаимул-мухаббат» шығармасында біраз мәліметтер беріп өткен. Жерлесіміз болған Сүлеймен Бақырғани Қоңырат пен Мойнақ қаласының ортасында жерленіп, қазір де кереметті «Хакім ата» атымен аталған үлкен әулиелі жер болып есептеледі. Профессор Қабыл Максетов бұл туралы «Біздің ұлы жерлесіміз, XII ғасырда өткен Хакім ата шығармалары» атты үлкен мақала да жариялады. [4] Хакім ата Сүлеймен Бақырғани сопылық жолдың барлық дәрежелерінен өтіп, Алланың ішкі махаббатына, ғашықтығына еріседі. Ол өз шығармаларында:

Сенің дертің маған дәрманнан артық,
Саған құл болғаным сұлтаннан артық,
Сені зікір етсем шөлдің ішінде,
Болар ол шөл маған бостаннан артық.

Ақын шығармаларының дерлік барлық идеясы Алла, иман, ислам, шариатпен байланысты. Тиісінше инсанның өзін тануы және Алланы білуі, сол жолда Жаратқанға ғашық болып, оның ишқында күйіп-жанып, оны іздеп күні-түні зікір етуі ақын шығармаларының басты тақырыбы. Ақынның бізге жетіп келген «Ақырзаман», «Бийби Мәриям» шығармаларында сол сопылық идеяларды сәулелендіреді. Сүлеймен Бақырғани сопылық тағылымын терең иелеген өз дәуірінің белгілі ақыны, машайықтарынан еді.

Яссауи тағылымы қарақалпақ әдебиеті тарихы мен рухани тәжірибесін сәулелендіретін маңызды мәдени мұра болып табылады. Қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Күнхожа Ибрайым ұлы Яссауи тағылымымен жүргендігін өз шығармаларында жырласа және өзін тікелей Яссауи шәкірті екендігін атап өтеді.

Сен – қожамсың, мен – құлыңмын,
«Құл» дегенше өзі жоқ,
Әл-рәббил нашарың бар,
Илараға көзі жоқ.
Сол нашарға көз бермесең,
Дүниенің маған хәзі жоқ,
«Қайткыл!» десең, қайтып жола міндім,
Хәзіреті Қожа Ахмет Яссауи... [5].

Күнхожа ақын бұл тармақтарда өзінің Яссауи жолына бағынғандығын, одан медет сұрап, жүрек көзінің ашылуын тілеп мінәжат етіп жатқандығы көрінеді. Яссауиде нәпсімен күрес — бұл сопының тынымсыз айтып жүретін зікірі. Яссауи дерлік барлық хикметтерінде зікір айту керектігін насихаттайды. Ал Күнхожа болса, сол Яссауи хикметтерінен нәр алып, зікір айту керектігін жазады:

Алланың атын зікір етіңдер,
Қашса дұшпан кейніне жетіңдер,
Ойланып дербенттен аман өтіңдер,
Ойлан шайыр сенің өзің кім едің? [5]

Бұл қатарлардан көрініп тұрғанындай, Күнхожа Ибрайым ұлы өзіне ұстаз санаған Яссауидің насихатын баянлап, бір Алланы зікір етіп еске алуды, нәпсіні жеңіп, шариғаттың дәрежелерінен табысты өтуді суреттейді. Қожа Ахмет Яссауи өз хикметінде:

Жаннан кешпей мәни алмас ол дарияда,
Надан кімсе жаннан кешпей дәме қылар,
Зікір айтып машғұл болғыл жану ділде,

Хайран болып қылар ісім білалмаспын [6].

Екі ақынның да поэзиясында бір мазмұн, бір насихат жырланып, халықты нәпсімен күресуге, зікірмен жүректі тазалап, Алланың сырлы ілім дариясында жүзуді насихаттайды. Тасаууфта адамгершілік маңызды орын алады. Күнқожаның өлеңдерінде халықтың дерті — оның жеке дерті ретінде көрінеді. «Халық — Алланың бір аты» демекші, ақын әрқашан халық үшін жанын пида етеді.

Қарақалпақ әдебиетінде сопылық дүниетанымның элементтері кеңінен ұшырасады. Қарақалпақ ақындары өз шығармаларында инсаниятты, әділдікті, иман мен білімге ұмтылу сияқты құндылықтарды насихаттады. Бұл құндылықтардың көпшілігі сопылық философиясымен тығыз байланысты еді. Әсіресе, Әжінияз Қосыбайұлы шығармалары Ахмет Яссауи дәстүрінің жалғасы ретінде қаралады. Оның поэзиясында рухани тәрбие, Аллаға деген махаббат және инсанның ішкі тазалығы туралы ойлар кеңінен көрініс тапқан. Әжінияз ақынның дерлік барлық шығармаларында Аллаға ғашықтық, оны күні-түні зікір етіп іздеу астарлы рәмзій мағыналарда беріледі. Мысалы:

Тәкийә әйлеп ол халқы, әлемді мен еттім сапар,
Таппадым махбубымды кезіп жаханды еш хабар,
Шарқ ұрып кезіп жаханды, жұтыубан қану-захар,
Көзіме ұйқы алмайын, зар ағлабан шаму-сахар,
Ах, дәриға, уақ дариғ, мың саны арман шықты жан [7] .

Әжінияздың «Шықты жан» өлеңінде Жаратқанның жамалына ғашық болып, сол сопылықтың гүзар жолына сапар шеккендігі баян етіледі. Өлеңдегі «Махбуб» термині — сопылық поэзиядағы Аллаға деген ғашықтықтың белгісі. Бұл ұғым Яссауи хикметтеріндегі махаббат концепциясымен тікелей сабақтасып, ақынның рухани ізденісін айқындайды «Лә иләхә илләлла лә Махбуба иллаху» — бұның мағынасы «Алладан басқа тәңір жоқ, Алладан басқа дос жоқ» деп келеді. Қожа Ахмет Яссауиде:

Ашық қылдың қайдан табамын амалым жоқ,
Зікір етемін сенен өзге танарым жоқ,
Дәрғайыңнан басқа жерге барарым жоқ,
Не қылсаң да ашық қылшы Пәруардигар [8] .

Бұл қатарлардан Әжінияздың Яссауи ілімінен нәр алғандығы, сопылықтың басқыштарынан өтіп, ғашықтық дәрежесіне жетіп, Аллаға ғашық болғандығы көрінеді. Әжінияз тағы бір қатарларында: «Дүние бір көрсетіп ләйлі жамалын, алды кетті зікір-пікір қиялым», - деп Яссауи іліміндегі зікір айту, пікір ету амалдарын айтып өтеді. Бұл жалған дүние өзінің ләйлі сұлу жамалын көрсетіп, мені зікір мен пікірден шалғытпақшы болды деген ойды айтады. Әжінияз поэзиясында рухани азық болатын, инсанды кәмілдікке жетелейтін, бағдар беретін насихат қатарлар орын алған. Оның шығармаларында адам өмірінің мәні, әділдік пен шындық мәселелері кеңінен көтеріледі.

Сонымен бір қатарда, қарақалпақ әдебиетінің басқа да өкілдері сопылық идеяларды өз шығармаларында пайдаланып, халықтың рухани дүниесін байытып отырды. Солардың бірі — қарақалпақ классик ақыны Бердақ Қарғабайұлы. Оның шығармаларында халықтың тағдыры, әлеуметтік әділдік пен рухани жаңару мәселелері көрініс табады. Ақын халықты бірлікке, білімге және инсаниятқа шақырып, сопылық тағылымның негізгі қағидаларын көркем түрде жеткізді. Бұл ақын шығармаларында сопылық философия тікелей діни мәтін ретінде емес, моральдық-этикалық құндылықтар жүйесі ретінде көрінеді. Бердақ дерлік барлық шығармаларында өзін Хаққа бағындырған және өмірін халыққа бағыштаған ақын болды. Бұл қасиеттер сопылық тағылымның қағидаларына кіретін белгілер. Ақын өзін сол жолдағы сопымын деп те таныстырады:

Бердақ суўпы дейді атым,
Қолдаулы дер асыл затым..
немесе...
...Расулға үммет хаққа ғұлам,
Құдірет ісін не білем,
Бақта сайраған бұлбілем,
Уақытым хазан болған екен [9] .

Бердақтың бұл шығармаларынан мәлім болғанындай, ол Яссауи тағылымының жалғастырушысы болып есептеледі. Яссауи де өз хикметтерінде Пайғамбарға үмметпін деп оған салауат арнайды және Хаққа ғашықтығын тынымсыз насихаттайды. Бердақ ақын да «Хаққа ғұлам» деп өзінің ғашық екендігін жазады.

Қорытынды

Сопылық әдебиетте адамның рухани кәмілдікке жетуі, қоғамдағы әділдік пен білімге ұмтылу сияқты тақырыптар кеңінен көрініс тапқан. Сопылық тағылымның негізгі идеялары халық мәдениетімен үндесіп, әдеби шығармалар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырды. Бұл процесс қарақалпақ халқының рухани мәдениетін байытты. Әдеби шығармалардағы сопылық идеялар инсандарды жақсылыққа, сабырлылыққа және өзара құрметке шақырады. Осы тұрғыдан алғанда, сопылық дәстүр қарақалпақ әдебиетінің рухани негізін және мазмұнын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Сопылық ілімінің қарақалпақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер еткендігі белгілі болды. Қожа Ахмет Яссауидің рухани мұрасы түркі халықтарының әдебиетінде, соның ішінде қарақалпақ әдебиетінде айрықша орын иеленеді. Қарақалпақ ақындары сопылық тағылымның негізгі қағидаларын өз шығармаларында көркем түрде суреттеп, халықтың рухани дүниесін байытты. Олардың поэзиясында инсаният, әділдік, иман және ішкі батини тазалық сияқты құндылықтар кеңінен үгіт-насихатталды. Сопылық ілімінің әдебиет арқалы таралуы халықтың рухани мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Сондықтан сопылық тағылымды зерттеу қарақалпақ әдебиетінің рухани негіздерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәмбетов, К. Әййемги қарақалпақ әдебияты / К. Мәмбетов. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1976, 43 б.
2. Тайжанов, А. Т. Қожа Ахмет Ясауи илімі және қазақ руханияты / А. Т. Тайжанов // Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Түркістан, 2024, 39 б.
3. Top H. H., Mesnevî-i Ma'nevî Şerhi. 5. Cilt, Konya, 2019, 894 б.
4. Мақсетов, Қ. Бизің ұллы жерлесиміз, 12-әсирде өткен Хәким ата шығармалары / Қ. Мақсетов // Еркін Қарақалпақстан. 1992, № 3, 27 февраль.
5. Күнхожа, Қосықлар, Тошкент, Adabiyot, 2022, 147 б.
6. Яссавий Х. А., Девони ҳикмат, Тошкент, «Наврӯз», 2018, 230 б.
7. Әжинияз (Зийуар), Таңламалы шығармалары, Нөкіс, «Қарақалпақстан», 2024, 152 б.
8. Suleimenova Zh., Abilkhamitkyzy R., Yskak B., Korganbekov B., Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach // Theory and Practice in Language Studies, 2022, Vol. 12, No. 12, p. 2678–2686, DOI: 10.17507/tpls.1212.26.
9. Бердақ. Сайланды шығармалары / Бердақ. – Нөкіс: Билим, 2019, 150-161-бб.

References

1. Mambetov K., Äyyemgi qaraqalpaq ädebiyatı, Nókis: Qaraqalpaqstan, 1976, 43 p.
2. Tayjanov A. T., Khoja Akhmet Yassawi ilimi jáne qazaq ruxaniyatı // The Sage of the Century – Khoja Akhmet Yassawi: Proceedings of the International Scientific-Practical Conference, Türkistan, 2024, 39 p.
3. Top H. H., Mesnevî-i Ma'nevî Şerhi. 5. Cilt, Konya, 2019, 894 p.
4. Maqsetov Q., Bizdiń ullı jerlesimiz, 12-ásirde ótken Hákim ata shıǵarmaları // Erkin Qaraqalpaqstan, 1992, No. 3, 27 February.
5. Kunxoja, Qosıqlar, Tashkent, Adabiyot, 2022, 147 p.

6. Yassawiy X. A., Devoni Hikmat, Tashkent, Navro'z, 2018, 230 p.
7. Ájiniyaz (Ziywar), Tañlamalı shıǵarmaları, Nókis, Qaraqalpaqstan, 2024, 152 p.
8. Suleimenova Zh., Abilkhamitkyzy R., Yskak B., & Korganbekov B., Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach // Theory and Practice in Language Studies, 2022, Vol. 12, No. 12, p. 2678–2686, DOI: 10.17507/tpls.1212.26.
9. Berdaq, Saylandı shıǵarmaları, Nókis, Bilim.2019, p. 150–161.

А. Хамзеев*

Соискатель, awada@mail.ru, Каракалпакский государственный университет имени Бердаха, Нукус, Каракалпакстан

УЧЕНИЕ ЯССАВИ И ЕГО ОТРАЖЕНИЕ В КАРАКАЛПАКСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

Данное исследование посвящено комплексному изучению художественно-философской преемственности и особенностей интерпретации суфийского учения, основанного Ходжой Ахмедом Ясави, в каракалпакской классической литературе. Основная цель исследования заключается в научном выявлении особенностей проявления, трансформации и взаимосвязи с национальным мировоззрением мистико-познавательных принципов, представленных в произведении «Дивани хикмет», в каракалпакской поэзии. В соответствии с поставленной целью на основе сравнительно-исторического, типологического и герменевтического методов анализируются суфийская терминология, метафорическая система и символические образы в произведениях Сулеймана Бакыргани, Кунходжи Ибраймулы, Ажинияза Косыбайулы и Бердаха Каргабайулы. В результате исследования установлено, что каракалпакские классики творчески освоили ступени учения Ясави — шариат, тарикат, марифат и хакыкат, — и развили их в тесной связи с идеями нравственности, борьбы с нафсом, гуманности и духовного совершенствования. Особое внимание уделяется процессу синтеза концепции «инсани камил» с национальным мировоззрением. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию духовных истоков каракалпакской литературы, выявлению особенностей укоренения суфийской поэтики в национальной литературе и новому научному осмыслению общего литературно-культурного наследия тюркских народов.

Ключевые слова: суфийское учение, хикмет, человечность, духовная преемственность, совершенный человек.

A. Khamzeev*

Researcher, awada@mail.ru, Karakalpak State University named after Berdakh,
Nukus, Uzbekistan

YASAWI TEACHINGS AND THEIR REFLECTION IN KARAKALPAK LITERATURE

Abstract

This study provides a comprehensive examination of the artistic and philosophical continuity and interpretive features of the Sufi teachings founded by Khoja Ahmed Yasawi in Karakalpak classical literature. The main objective of the study is to scientifically identify the ways in which the mystical and epistemological principles presented in *Dīwān-i Hikmet* are manifested and transformed in Karakalpak poetry and integrated with the national worldview. To achieve this objective, comparative-historical, typological, and hermeneutic methods are employed to analyze Sufi terminology, metaphorical systems, and symbolic imagery in the works of Suleiman Bakyrqani, Kunkhoja Ibrayimuly, Ajiniyaz Kosybayuly, and Berdakh Kargabayuly. The study demonstrates that Karakalpak classical poets creatively appropriated the stages of Yasawi's teaching—sharia, tariqa, ma'rifa, and haqiqa—and developed them in close connection with the ideas of morality, the struggle against the nafs, humaneness, and spiritual perfection. Particular attention is given to the process through which the concept of *insān-i kāmil* (the perfect human) was synthesized with the national worldview. The findings contribute to a deeper understanding of the spiritual foundations of Karakalpak literature, clarify the ways in which Sufi poetics became established within the national literary tradition, and provide a new scholarly interpretation of the shared literary and cultural heritage of the Turkic peoples.

Keywords: Sufism, hikmet, humanity, spiritual continuity, the Perfect Man.